

«ОЙДЕНЕ ФЕДЕРАЦИЯСЫ» РҚБ

ЕРЕЖЕ

Ойдене Федерациясының төрешілігі, төрешілік санаттары және оларды беру тәртібі туралы (2026 жылғы редакция)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Ойдене Федерациясы» РҚБ (бұдан әрі – Федерация) ресми жарыстарының төрешілік жүйесін, төрешілердің біліктілік санаттарын, оларды даярлау, беру, жоғарылату, тоқтата тұру және айыру тәртібін айқындайды.

1.2. Жарыстарды төрешілеу Федерацияның бекітілген Жарыс қағидаларына және өзге де нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Төрешілер жарыстарды объективті, қағидаларды бірізді қолдана отырып, регламент пен қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып өткізуге міндетті.

1.4. Ресми жарыстарды төрешілеуді Федерацияның төрешілер алқасы жүзеге асырады.

2. Төрешілік жүйе және санаттар

2.1. Федерацияда келесі біліктілік санаттары белгіленеді:

2.1.1. III санатты төреші;

2.1.2. II санатты төреші;

2.1.3. I санатты төреші;

2.1.4. Республикалық санатты төреші.

2.2. Бас төреші – нақты жарысқа тағайындалатын лауазым және біліктілік санатына жатпайды.

2.3. Төрешілер алқасы қолданыстағы санаты бар төрешілерден құрылады.

3. Санаттарды беру талаптары

3.1. III санатты төреші:

– Федерацияның базалық төрешілік семинарынан өтуі;

– Жарыс қағидаларын білуі;

– тестілеуден сәтті өтуі;

– кемінде бір ресми жарыста аға төрешінің бақылауымен тәжірибеден өтуі.

3.2. II санатты төреші:

– кемінде бір жыл төрешілік өтілі;

– кемінде үш ресми жарыста төрешілік өтуі;

– төрешілер алқасының оң бағасы;

– аттестациядан сәтті өтуі.

3.3. I санатты төреші:

– кемінде екі жыл төрешілік өтілі;

– өңіраралық жарыстарға қатысуы;

– аға төрешілер құрамында жұмыс тәжірибесі;

– біліктілік сынағынан өтуі.

3.4. Республикалық санатты төреші:

– кемінде үш жыл төрешілік өтілі;

- республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысуы;
- бас төрешінің орынбасары немесе аға төреші ретінде тәжірибесі;
- төрешілер алқасының шешімі.

4. Санаттарды беру тәртібі

- 4.1. Төрешілік санатты беру және жоғарылату төрешілер алқасының ұсынысы бойынша жүзеге асырылады.
- 4.2. Шешім хаттамамен рәсімделеді және Федерацияның уәкілетті органы бекітеді.
- 4.3. Санат беру тиісті үлгідегі куәлікпен расталады.

5. Аттестация

- 5.1. Аттестацияны Федерацияның төрешілер алқасы жүргізеді.
- 5.2. Аттестация барысында:
 - Жарыс қағидаларын білу деңгейі;
 - практикалық төрешілік дағдылары;
 - тәртіп талаптарын сақтау деңгейі бағаланады.
- 5.3. Төрешілер біліктілігін тұрақты түрде растауға міндетті.

6. Бас төрешіні тағайындау

- 6.1. Әр ресми жарысқа бас төреші тағайындалады.
- 6.2. Бас төреші:
 - төрешілер алқасының жұмысын ұйымдастырады;
 - Жарыс қағидаларының сақталуын бақылайды;
 - даулы мәселелер бойынша шешім қабылдайды;
 - жарыстың қорытынды хаттамаларын бекітеді.
- 6.3. Бас төрешіні жарыс ұйымдастырушысы немесе Федерацияның уәкілетті органы тағайындайды.

7. Төрешінің құқықтары мен міндеттері

- 7.1. Төреші:
 - Жарыс қағидаларын қатаң сақтауға;
 - объективті және бейтарап әрекет етуге;
 - қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
 - бас төрешінің нұсқауларын орындауға міндетті.
- 7.2. Төреші өз құзыреті шегінде шешім қабылдауға құқылы.

8. Марапаттау және тәртіптік шаралар

- 8.1. Міндеттерін адал атқарған төрешілер алғыс хаттармен және санатты жоғарылатумен марапатталуы мүмкін.
- 8.2. Қағидаларды бұзған жағдайда келесі шаралар қолданылады:
 - ескерту;
 - төрешіліктен шеттетуге;
 - санатты тоқтата тұру;
 - санаттан айыру.
- 8.3. Шешім төрешілер алқасының хаттамасымен рәсімделеді.

9. Есепке алу

9.1. Төрешілер Федерацияның төрешілер алқасында есепке алынады.

9.2. Ресми жарыстарға қатысуы белгіленген тәртіппен тіркеледі.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Ереже Федерация Президентінің бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

10.2. Өзгерістер мен толықтырулар Федерацияның уәкілетті органы шешімімен енгізіледі.

Президент
«Ойдене Федерациясы» РҚБ
Рысбай С.Қ.

